Әділет

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-атқару заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы " 2017 жылғы 18 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 30 мамырдағы № 63-ө өкімі.

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-атқару заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 18 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Орталық мемлекеттік органдар заңнамада белгіленген тәртіппен тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр* *Б. Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2017 жылғы 30 мамырдағы
№ 33-ө өкімімен
бекітілген

## "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-атқару заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 18 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

| Р/с № | Нормативтік құқықтық актінің атауы | Актінің нысаны | Орындауға жауапты мемлекеттік орган | Орындау мерзімі | Нормативтік құқықтық актіні сапалы әзірлеу және уақтылы енгізу үшін жауапты тұлға |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Жазалаудың осы түріне сотталған адамдардың қоғамдық жұмыстарды орындауын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы | бұйрық | ІІМ | 2017 жылғы маусым | Б . Б . Бисенқұлов |
| 2. | Сотталған адамның әлеуметтік пайдалы байланыстарын қолдау үшін ауыстыру қағидаларын бекіту туралы | бұйрық ІІМ | ІІМ, БП ( келісім бойынша) | 2017 жылғы маусым | Б . Б.Бисенқұлов |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3. | Қамаққа алу түріндегі жазаны орындауды жүзеге асыратын арнаулы қызметі мен ішкі тәртіптемесін мекемелердің ұйымдастыру қағидалары бекіту туралы | бұйрық | ІІМ | 2017 жылғы маусым | Б.Б.Бисенқұлов |
| 4. | "Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ерекше жағдайлар режимін енгізу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 14 тамыздағы № 510 бұйрығына толықтыру енгізу туралы | бұйрық | ІІМ | 2017 жылғы маусым | Б . Б . Бисенқұлов |
| 5. | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті тергеу изоляторларының ішкі тәртіптеме қағидаларын бекіту туралы | бұйрық | ІІМ | 2017 жылғы маусым | Б . Б . Бисенқұлов |
| 6. | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің тергеу изоляторларындағы адамдарды күзету мен қадағалауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы | бұйрық | ІІМ | 2017 жылғы маусым | Б . Б . Бисенқұлов |
| 7. | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ("Әкімшілік қадағалаудағы адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы № 97 бұйрығы; "Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылатын жолдардың тәуекелдер дәрежесін бағалауды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 26 маусымдағы № 383 бұйрығы; "Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 622 бұйрығы; "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды есепке алуды жүзеге асыру бойынша Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 30 қаңтардағы № 89 бұйрығы) | бұйрық | ІІМ | 2017 жылғы маусым | Б . Б . Бисенқұлов |
| 8. | Әскери қызметшілердің Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери полиция органдарының гауптвахтасында әкімшілік қамауды өтеу қағидаларын бекіту туралы | бұйрық | ҰҚК (келісім бойынша) | 2017 жылғы маусым | М . Ө . Қалқабаев |
| 9. | Әскери қызметшілердің Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органдарының гауптвахтасында әкімшілік қамауды өтеу қағидаларын бекіту туралы | бұйрық | Қорғанысмині | 2017 жылғы маусым | Т.С. Мұхтаров |
| | "Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың қағидасын бекіту туралы" | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10. | Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 10 шілдедегі № 71 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы | бұйрық | БП (келісім бойынша) | 2017 жылғы маусым | Е.Ә. Кененбаев |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БП - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы

ҰҚК - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті

ІІМ - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

Қорғанысмині - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК